

1999 ж. шыға бастады

Тіркелген куәлік № 13395-Ж
Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат
министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
22.02.2013 ж. берген

Редакция алқасы

Н.Л. Сейтахметова (бас редактор)
А. Сағиқызы (бас редактордың
орынбасары)

А.Қ. Бижанов
К.Н. Бұрханов
Т.Х. Ғабитов
С.Ю. Колчигин
А.К. Назарбетова
З.К. Шәукенова
М.С. Шәйкемелев
Ш.М. Жандосова
М.Н. Смағұлов (жауапты хатшы)

Редакционная коллегия

Н.Л. Сейтахметова (главный
редактор)
А. Сағиқызы (зам. главного
редактора)

А.Х. Бижанов
К.Н. Бурханов
Т.Х. Ғабитов
С.Ю. Колчигин
А.К. Назарбетова
З.К. Шаукенова
М.С. Шайкемелев
Ш.М. Жандосова
М.Н. Смағұлов (ответ. секретарь)

Регистрационное свидетельство
№ 13395-Ж выдано Комитетом
информации и архивов
Министерства культуры
и информации Республики
Казахстан 22.02.2013 г.

Издается с 1999 года

**ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-
ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖУРНАЛ**

Адам әлемі

**ФИЛОСОФСКИЙ И ОБЩЕСТВЕННО-
ГУМАНИТАРНЫЙ ЖУРНАЛ**

1 (75)·2018

**Халықаралық редакциялық кеңес
Международный редакционный совет**

Нысанбаев А.Н. (кеңес төрағасы, Қазақстан)
Фиерман У. (АҚШ)
Халилов С. (Әзірбайжан)
Мехди Санаи (Иран)
Жумағұлов М. (Қырғызстан)
Зотов А.Ф. (Ресей)
Лекторский В.А. (Ресей)
Малинин Г.В. (Ресей)
Нечипоренко О.В. (Ресей)
Тощенко Ж.Т. (Ресей)
Кенан Гюрсой (Түркия)
Шермухамедова Н.А. (Өзбекстан)

Колонка главного редактора.....		3
Жолдауды қолдау • За строкой Послания		
Бектенова М.	Развитие «человеческого капитала» как фактор укрепления межконфессионального согласия в стране.....	4
Айтымбетов Н.	Сапалы жоғарғы білім адам капиталының кепілі.....	6
Турганбаева Ж.	A Young Scientist’s Response to the Nation Address by the President of the Republic of Kazakhstan, 2018.....	7
Пернекулова М.	Научный потенциал и модернизация науки.....	9
Философия. Саясат. Қоғам • Философия. Политика. Общество		
Колгичин С.	Как возможна двойная интенциональность? (К проблеме природы сознания)	11
Абдильдина Х.	Әлеуметтік білімдегі менталитет категориясының зерттелу мәселелері.....	22
Гаппасова А., Абдильдина Х.	Рухани жаңғыру және демократиялық модернизация.....	31
Мәдениет философиясы: символизм және метафора • Философия культуры: символизм и метафора		
Аубакирова С., Уызбаева А., Исмагамбетова З.	Символическое значение традиционного угощения казахского народа.....	41
Мир-Багирзаде Ф.	Образ Искендера (Александра Македонского) и отражение в эпосе Низами Гянджеви «Искендер-наме» символического смысла.....	55
Сағиқызы А., Пернекулова М.	Виртуалды шындық кеңістігіндегі жеке тұлғаның шығармашылығының дамуы.....	69
Шамахай С.	«Құпия шежіре»: этикалық ережелер мен құндылықтар.....	79
Дінтанулық және исламтанулық зерттеулер • Религиоведческие и исламоведческие исследования		
Yerzhan K., Abubakirova A.	Religious education and religious upbringing in Western Europe.....	92
Сандыбаев Ж.	Әбу Хамид әл-Ғазалидің билік пен халық қарым-қатынасы іліміндегі «ахлак» ережелерінің маңызы.....	108
Альмухаметов А., Смагулов К., Мажиев Г.	Концепт социально-экономической гармонии в кораническом контексте.....	118
Сапаров Б.	Зайырлы мемлекеттік саясаттың дінтанулық негіздері.....	127
Seytakhmetova N., Sybanbayev K., Turganbayeva J.	Dialogue of Intellectual Traditions of the Turkic World: on the Issue of Cultural and Religious Identity.....	136
Мерейтойлар. Мезгілдер. Оқиғалар • Юбилей. Даты. События		
Досай Кенжетай: интервью с известным ученым-религиоведом.....		147
Біздің авторлар • Наши авторы.....		152

*Аяжан Сағиқызы, Майра Пернекулова
(Алматы, Қазақстан)*

ВИРТУАЛДЫ ШЫНДЫҚ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ

Аннотация. XX ғасырда күнделікті өмірге адамның өзі жасаған виртуалды әлем енді. Ол – қазіргі жаһанданған әлемдегі ең бір қызықты, күрделі феномендердің бірі. Виртуалды шындық – адамның сана-сезімінің жемісі, оның өмірді өзгертуге бағытталған іс-әрекеті. Виртуалды технологияларды жан-жақты ендіру нәтижесінде жаңа дүниетаным қалыптасып келеді, ол мәндік қасиеттердің біртұтас кешенін таратты, виртуалды-ақпараттық шындықты тудырды.

Бұл феноменнің мәні неде, ол адам санасын, дүниетанымын, шығармашылық мүмкіндіктерін қалай өзгертеді? Виртуалды әлемде адам тек бақылап, сезініп қана қоймайды, ол шынайы өмірдегі сияқты белсенді түрде еркін әрекет етеді. Бұл жерде де оның іс-әрекеті оның құндылықтық бағдарларымен, рухани жетілуімен байланысты. Бұл мақалада виртуалды шындық жағдайындағы адамның шығармашылығының дамуы мәселесі қарастырылады. Тек қана адамның руханилығы оның болашағын анықтайды, ол кез келген деструктивті мәселелерге тежеу бола алады. Ал адамның рухани әлемін басқа ешнәрсемен ауыстыру, жасыру мүмкін емес.

Түйін сөздер: виртуалдық, виртуалды шындық, шығармашылық, жеке тұлға, руханият, Интернет.

Кіріспе

XX ғасырда ғылымда, философияда, күнделікті өмірде «виртуалдылық» ұғымы пайда болып, қарқынды түрде қолданыла бастады. Көбінесе «виртуалды әлем», «виртуалды шындық», «виртуалды әрекет» сияқты ұғымдар пайдаланылады. Бұл ұғымдардың пайдаланылуы компьютер мен Интернеттің пайда болуымен байланысты. Виртуалдылық ұғымы қазіргі өмірде жай ғана пайда болған техникалық жаңалық қана емес, сонымен қатар шындықтың жаңа типі болып отыр. Ол – әлемдегі заттардың орналасу тәртібін өзгерткен ерекше феномен.

Қазіргі күні виртуалды шындықты философиялық тұрғыдан зерттеу оның табиғатын, адамның сана-сезіміне, психологиясына әсерін анықтаумен байланысты болып отыр. Әлі күнге дейін көптеген сұрақтарға жауаптар толық емес. Соның бірі – виртуалды шындықтың адамның рухани әлеміне, шығармашылығына қалай әсер ететінін анықтау.

Виртуалды шындықты К. Мюррей Платонның идеялар әлеміне ұқсатады [2000, с.133-134]. Платонның идеялар әлемі таза мәндердің жинағы болып табылады, яғни заттардың инвариантты қасиеттерінің жиынтығы. Ал адамның көзі көретін шындық – бұл идеялар әлемінің көлеңкесі. Барлық материалдық дүниедегі заттардың, адамдардың өздері мен олардың жасайтын нәрселері осы идеялар дүниесінің тек солғын көлеңкелері, оларға тек біршама ғана жақындайтын, ұқсайтын бейнелер. Егер табиғаттағы заттар олардың тікелей көлеңкесі болса, адамдар жасайтын нәрселер – адамдар әртүрлі бұйымдар жасағанда тек табиғатқа еліктейтін болғандықтан – көлеңкенің көлеңкесі.

Виртуалды объектілер ақпараттық болып қалады және ақпараттық кеңістікте өмір сүреді. Ақпараттық әлем – заманауи адамның өнімі, ол біздің өміріміздің бірден-бір бөлігі, ақпараттық және виртуалды компоненттер дамып келеді және қазіргі күннің өзінде айтарлықтай өлшемдерге жеткен. Сондықтан виртуалды шындықтың субъектінің жеке параметрлеріне әсерін зерттеу өзекті мәселеге айналды. Виртуалдылық адамның ақпараттық шындықпен тікелей қатынасын қамтамасыз етеді. Виртуалды шындық технологиялары қазіргі қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік мәселелерді шешуде тиімді құрал болып отыр. Мысалы, виртуалды техниканы алдын-ала сынау көптеп қолданылады, ол қауіпсіз әрі арзан болып табылады. Көбінесе әскери адамдарды, ұшқыштарды, пойыз машинистерін, жүргізушілерді дайындауда виртуалды технологиялар адамдардың өміріне қауіпсіз болғаны үшін пайдаланылады.

Виртуалды шындық әлемі теріс салдарларға да әкеледі, атап айтқанда әдеттегіден тыс ынталыққа, шектен тыс қоздырғыштарға, жалпы виртуалдық технологияларға тәуелділік пайда болады. Бұл адамзат алдына тағы бір қауіпті мәселені қояды, ал шын мәнінде адам өзі бұл қауіпті өзіне тудырды. Философиялық антропологияның негізін қалаушылардың бірі Макс Шелер өзінің «Адамның космостағы жағдайы» деген еңбегінде былай деп жазды: «осы уақытқа дейін адам дәл қазіргідей өзіне өзі осыншалықты мәселе болған жоқ» [Шелер 1994]. Бірақ, оның ойынша, сол кездегі бар адам туралы ілімдердің ол үшін берері аз. Арнайы жасалған ғылыми зерттеулер адамның мәнін ашудың орнына, оны басқа жаққа бұрып әкетеді деп есептеген ол, жаңа философиялық антропология қажет деді. Шелердің көтерген мәселесі әлі күнге дейін өзекті болып отыр.

Методология

Біздің көзқарасымыз бойынша, методологиялық тұрғыдан ең дұрысы - виртуалды шындықтың мәні мен оның шығу тарихын абстрактілі түрде ғана қарастырмау. Өз қажеттілігі мен мүмкіншіліктері бар белгілі бір тарихи ортада адамды талдаудың философиялық дәстүріне жүгіну ерекше маңызды.

Зерттеудің методологиясына мағыналы логиканың барлық негізгі принциптері мен әдістері кіреді: абстрактылықтан нақтылыққа өту, даму, біртұтастық және нақтылық принциптері, тарихилық пен логикалықтың бірлігі және т. б. Сонымен қатар, мәдени тарихилықтың принциптерін, танымның жалпығылыми әдістерінің бірқатары қолданылған. Осы әдістерге сүйене отырып, виртуалды шындықтың тұлғаның шығармашылығына, оның рухани әлеміне әсерін қарастыру мақсаты қойылған.

Руханилық – шығармашылықтың өлшемі

Біз адамның бойындағы негізгі шығармашылыққа деген бейімділік қалыптасуы адамдық дамудың ерте кезеңіндегі адамдардың болмыс ерекшелігіне байланысты және түрдің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ететін олардың өмірлік іс-әрекетінің қалыптасқан сапасы болған деген көзқарасқа қосыламыз. Шығармашылықтың әлеуметтік қызметі адамдардың қауымдастықтағы қатынасын, адамның өзін-өзі сақтаудан туған қажеттілік. Бұл мағынада шығармашылық адамның эволюциялық даму шарты болып табылады. Әрине, жалғыз сол ғана шарт емес. Сонымен қатар, адамның руханилығынан да туған шарт. Өйткені адам тек зерделі ғана емес, сонымен қатар рухани да жан. Адамның зерделілігі үлкен мәнге ие болады. Түрдің өзі зерделі адам ретінде анықталады. Бұл тұжырымды жоққа шығармаймыз, бірақ зерделілік адамның эволюциялық дамуындағы жалғыз белгі емес. Қазіргі кездегі зерттеулер адамның руханилық, сенім сияқты қасиеттерін негізге алады.

Бүгінде жаһандану процесі, оның либералды түсіндірмесі, мәдениеттер мен технологиялардың бірыңғайлығын уағыздай отырып, философ В.В.Розанов айтқандай, аман қалу мен дамудың түрлі формалары мен технологияларын өзіне жинақтаушы мәдениеттердің «гүлденген күрделілігін» сақтауға қарсы шығады. Бұл технологиялар дәл бүгінде қажет болмауы мүмкін, бірақ биотүрліліктің болашақта күтпеген жерден үлкен маңызға ие болу мүмкіндігі бар.

Шығармашылық мәселесі философтар ғана емес, ғалымдардың да қызығушылығын тудырып келеді. Әлемнің физикалық суреттемесі креативтілік принципін материяның өзіндік дамуы процесінде де көреді. Ал социум инновациялықты тиімді әлеуметтік іс-әрекеттің негізгі көрсеткіші ретінде алға тартады. Гуманитарлық ғылымдар жеке тұлғаның шығармашылық потенциалының дамуын, оны қалыптастыру мәселелерін зерттейді. Қазіргі күні шығармашылық мәселесін дүниетаным, руханият аясында зерттеудің маңызы артып келеді, өйткені адамның Әлемге қатынасынсыз, оның құндылықтық бағдарларынсыз шығармашылықты толық қамту, зерттеу мүмкін емес.

Жаһандану процесі адам өмірінің барлық салаларына ықпал етіп, құндылықтық бағдарларының өзгеруіне әкелді. Бұл процестердің арғы

жағында адамның креативті іс-әрекеті жатыр, яғни жаһандық мәселелердің барлығы адамның деструктивті креативтілігінің салдары екені белгілі. Негізгі стратегиялық мақсат – адамзаттың рухани потенциалын, өркениетті сақтап қалу – адамның сана-сезімін өзгерту, оның шығармашылығына мағыналы-мүдделік бағдар беретін экзистенциалды көзқарасын қайта қарау.

Адамның өмірлік жолы, оның рухани эволюциясы шығармашылықпен тікелей байланысты. Ол қоршаған ортаны, өзін шығармашылықпен өзгерте отырып, өмір сүреді, тұлға болып қалыптасады. Жан дүниелік, әлеуметтік тәжірибенің арқасында, рефлексия мен өзіндік рефлексия процесі аясында, креативті іс-әрекеттің негізінде адамның өмірге деген көзқарасы, дүниетанымы қалыптасады. Сол арқылы оның құндылықтық бағдарлары пайда болады, ал ол өз кезегінде адамның өмірдегі орнын, әлемге, қоршаған ортаға деген қатынасын анықтайды.

Креативті іс-әрекет белгілі бір социумның сұраныстарына жауап беретін пайдалы тапқыштық болуы мүмкін, не болмаса, өзінің ерекшелігін, индивидуалдылығын білдіретін іс-әрекет те болуы мүмкін. Ал шынайы шығармашылық әрқашан сұхбатқа дайын. Мәдениеттің жетістігі болып әрқашан маңызды, ерекше жалпыадамзаттық құндылықтарды паш ететін адамның шығармашылығы ғана саналады. Яғни, ондай шығармашылық руханилықпен тікелей байланысты және содан туандайды.

Руханилықты адамның ең негізгі мәндік сипаттамасы ретінде мойындайтын пікір – адамның деантропологизациясы қаупіне төтеп беретін күш. Ол адам табиғатын радикалды түрде трансформациялауға бағытталған технологиялық тәжірибелерді тежеуге бағытталған. Сондықтан, руханилық жеке тұлғаның біртұтас дамуындағы норманың көрсеткіші болып табылады, адамның мәндік қасиеттерін ашуға, оның шығармашылығын жүзеге асыруға негіз болады. Рухани қалыптасудың деңгейі шығармашылықтың әмбебап өлшемі болып табылады.

Шығармашылықтың анықтамаларының барлығында жаңалық негізгі анықтаушы белгі болып табылады. Шығармашылық – бұл трансцендентті акт, ол белгілі, стандартты, дәстүрлі, бар нәрседен тыс, оның шекарасынан тысқары шығу. Бірақ жаңалық бір ғана анықтаушы фактор емес, сонымен қатар адам өзін-өзі анықтау, бірегейлендіру мақсатында да креативті болады. Осы жағдайда оған шекарадан шығып кету қаупі туады, ол онтологиялық позициясынан айрылады. Ал ол шекарада қалуына, одан шықпауына тек руханилық дәрежесі мүмкіндік береді.

Ф. Фукуяма «Біздің постадамдық болашағымыз» деген кітабында былай деп жазады: «Біздің кітабымыздың мақсаты – қазіргі биотехнология жасайтын қауіп – бұл адамның табиғатын өзгертуге мүмкіндік беретін және соның әсерінен – тарихтың постадамдық фазасына өту екендігін тұжырымдау. Мен мұның маңызды екенін дәлелдеуге тырысамын, өйткені, адамдық табиғат өмір сүреді, бар және бұл ұғым маңызды болып табылады.

Ол біздің түр ретіндегі тәжірибеміздің сабақтастығын жасайды. Адамдық табиғат барлық мүмкін болатын саяси режимдерді қалыптастырады және оларды шектейді де, сондықтан, жеткілікті түрде құдіретті технология бізді өзгертуге қабілетті, либералды демократия мен саясаттың табиғаты үшін қауіпті салдарға ие болуы мүмкін» [2016, 18-19 бб.].

Саяси еркіндік пен либерализм құндылықтарының бұлбұлы – Ф. Фукуямамен басқа мәселелер бойынша келіспеуге болады, бірақ мына нақты жағдайда ол өте дұрыс айтады.

Адамның тағы бір мәнді қасиеті – универсалдылық. Қ.Ә. Әбішев универсалдылыққа мынадай анықтама береді: «Универсалдық адам болмысының жеке бір заңдылығында емес. Ол адамға, керісінше, ешбір жеке дербес заңдылық тән емес деген сөз. Адам жасаған дүние оның игере, түсіне алатын барлық әлем заңдылықтарына ашық. Ол бүкіл әлемді бойына сіңіре алады, бүкіл әлеммен, соның мұқтажымен, тағдырымен, тынысымен өмір сүре алады. Дамыған адамның жан-дүниесі бүкіл әлемге барабар. Осыны универсалдылық деуге болады» [2001, 34 б.]. Яғни, руханилықсыз универсалдылық – бұл тұлғаның ыдырауы болып есептеледі. Ол адамның басқа мыңдаған бет-жүзі бар трансформациясы, адамдықтан ада, асқан адам. Ал негізінде, адам адамгершілік тұрғысынан жетілмесе, асқан адам бола алмайды.

Яғни, адам өзгерсе рухани тұрғыдан да өзгеруі тиіс, ол денесі мен рухын үйлесімділікте жетілдіру керек, сонда ғана адам өзінің мәніне жете алады. Ал гуманизмнің мақсаты осындай адамды тәрбиелеу, адамдықтың мәнін ашу, оны практика жүзінде іске асыру.

П.С. Гуревич қазіргі күні антропологиялық бұрылыс жүріп жатыр деп есептейді [Гуревич 1999]. XX ғасырдың аяғында адамдықтық ерекшелігін анықтауға деген қызығушылық пайда болды. «Рухани антропология» деген термин де, осыған байланысты кітаптар да пайда болды [Корольков 2013]. Қазіргі философиядағы және мәдениеттегі антропологиялық бетбұрыс барлық құндылықтар жүйесін, оның ең басты бөлігі – рухани құндылықтарды жаңаша қарауға мүмкіндік берді. Адам өзінің рухани құндылықтары арқылы анықталатын біртұтастық болып саналады. Ең бастысы, адам тек қана өзінің өзгеруі керектігін біліп қана қоймай, өзі өзгертуге талпыныс жасап, өзгеруі тиіс. Адам деструктивтілікте қалып қоймай, өзін өзгертуі керек.

Ал адам өзінің тіршілік етуін, бар болуын, болмысын шығармашылық арқылы дәлелдейді, ол адамның табиғатында бар, оның болмыстық ерекшелігі болып табылады. Яғни, адам өзін бұл әлемде шығармашылық арқылы іске асырады. Шығармашылыққа деген қабілеттілік біздің санамыз арқылы мүмкін болады. Жеке тұлғаның дамуының өлшемі, оның біртұтастығы, толыққандылығы оның мәндік қасиеттерінің ашылуымен, шығармашылық әлеуетінің жүзеге асуымен байланысты. Руханилық – адам

табиғатының барлық аспектілерінің (тәні, жаны, санасы) бір-біріне сәйкес келуі, сонымен қатар ол әлеммен терең байланыс сезімін білдіреді.

Виртуалды шындықтың мәні

«Виртуалды шындық» термині Массачусетс технологиялық институтында 1970-і жылдардың аяғында пайда болған. Ғалымдар ол термин арқылы компьютердің көмегімен адамның толыққанды қатыстылығын білдіретін эффектіні көрсетуге арналған шындықтың үш өлшемді макромодельдерін белгілеу үшін пайдаланған. Кейінірек бұл терминді 1984 жылы компьютерлер шығаратын американдық фирманың жетекшісі Дж. Ланье пайдаланды.

Қазіргі ғылымда виртуалдылыққа деген қызығушылық артып келеді, оған дәлел ретінде дәстүрлі жаратылыстанудағы серпілісті айтуға болады. Біріншіден, элементарлық бөлшектер физикасында эфемерлі, немесе виртуалды, бөлшектер табылды, олар тек өзара әрекеттесу кезінде ғана пайда болады және өмір сүреді. Олардың ерекшелігі – басқа бөлшектерде олар потенциалды түрде жоқ, өмір сүрмейді, тек физикалық түрде өзара әрекеттесу кезінде ғана дүниеге келеді. Виртуалды бөлшектер «осы жерде», «дәл сол мезетте» ғана өмір сүреді, басқа бөлшектердің интеракциясы, метаморфозалары кезінде ғана өз функциясын атқарады. Сонымен қатар олар тәжірибенің бастапқы және соңғы кезеңінде ешуақытта болмайды.

Екіншіден, компьютерлік техникада қызықты феномен байқалады. Егер компьютерге бірнеше бағдарлама енгізетін болсақ, ол бір-біріне ұқсамайтын функцияларды атқарады, бір-біріне ұқсамайтын объектілер ретінде көрініс береді: жазу машинкасы, калькулятор, ойын автоматы т.б. Компьютер, адамның мақсатына сай, онымен өзара әрекеттесе отырып, ерекше виртуалды объект құрастырады. Компьютерге ойын автоматы немесе калькулятор енгізілген жоқ қой, ол адамның белсенділігінің арқасында ғана пайда болады, яғни адам компьютерді пайдалану арқылы, онымен әрекеттесе отырып, жаңа әлем жасайды.

Қазіргі күні жаңа бағдарламалардың көмегімен компьютерде виртуалды әлем, виртуалды шындық жасалынды. Олар адамға белгілі бір датчиктер арқылы әсер ете алады, сол арқылы адамның бойында өзгерістер іске асады. Яғни, адамды модельдеуге, оны өзгертуге болады. Ол адам шынайы адамның іс-әрекетіне жауап береді. Енді бірнеше индивидтер үшін ортақ виртуалды кеңістік жасауға болады, ол шынайы немесе қиялдағы жағдайлардың моделін жасай алады. Виртуалды кеңістікте бақылаушы өзінің көзқарасын, пікірін өзгерте алады. «Бұл жаңа шындыққа апаратын серпіліс, - дейді Н.А. Носов, жаңа этикалық мәселелерді тудырады, оның мәні жасанды «өмірдегі» қылықтардың және жасанды адамдармен әрекеттесудің принциптерін анықтау. Мысалы, жасанды адамға әсер ету кезіндегі абсолютті түрде еркін адамның қылықтарының нормасы қандай

болуы керек? Виртуалды шындықпен әрекеттесін адамның психикасы мен әлеуметтік өзіндігі қалай өзгереді?» [1993, 35 б.]. Бүгінгі күні мәдениеттің, экономиканың, әлеуметтің барлық салаларында виртуалды технологиялар қолданысын қарқынды түрде дамытып келеді.

Виртуалды шындық шындықтың ерекше типіне жатады, оның адамға, социумға ықпалы орасан зор. Сондықтан да бұл феномен философиялық, мәдениеттанулық, әлеуметтанулық және психологиялық зерттеулерді қажет етеді. Виртуалды шындықта ішкі әлемдегі бейнелердің сыртқы әлемнен еш айырмашылығы жоқ. Мәдениеттің әртүрлі салалары виртуалды күйдің бір ғана сипаттамасын пайдалана отырып, виртуалды шындықтың әр қилы түрлерін тудыруға мүмкіндігі бар.

Виртуалды әлемдегі жеке тұлғаның шығармашылығы

Адамның қосарланған виртуалды-шынайы кеңістіктердегі тіршілігі жаңа философиялық мәселелерді тудырады. Виртуалды шындық адамның өзін өзектендіруі үшін көптеген мүмкіндіктер тудырады, ол адамдық тәжірибенің жаңа қырларын ашады, сананың жаңа мүмкіндіктеріне жол береді. Біздің санамызды жаңа көріністерге, жаңа мүмкіндіктерге қарай өзгертуге болады. Ол виртуалды шындықты өзі тудырады және сол шындықта өзгеше өмір сүруге мүмкіндік алады. Виртуалды технологиялар адам санасының бұрын белгісіз болған қырларын ашты. «Соңғы уақыттағы қуатты технологиялық серпіндердің бірі компьютерлік анимация мен видеоойындар болып табылады, - дейді А. Орлов. Компьютерлік бейнелердің эстетикасы (кеңірек алғанда – жалпы виртуалды компьютерлік орта) кейбір сананың өзгерген күйін қайта қалпына келтіру кезінде бүгін бізге көп жағдайда қызықты, әрі айрықша материал береді, ол психиканың эволюциясы тұрғысынан экзистенциалды маңызға ие» [1993, 5 б.]. Бұл ғажайып және үйреншікті емес бейнелер көркем эффектілерді жасауда пайдаланылады, ол адамға эстетикалық әсер береді. Виртуалды әлемдер – электронды бейнелердің және сананың деңгейлерінің әлемі – адам феноменінің жаңа жақтарын ашады.

Интернетте Жапонияда Хэтитэт атты виртуалды қаланың пайда болғаны туралы хабарлар бар. Онда 10 мыңға жуық адам тұрады, олар кәдімгідей үйреншікті тіршілік етеді, сауда жасайды, танысады, қыдырады, бір-бірімен араласады. Бұл қала виртуалды, яғни ол мүмкіндікті көрсетеді. Оның адамдары – өздеріне аватар жасап алған шынайы адамдар. Олардың тіршілігі шығармашылықтың бір түрі деуге келеді. Өйткені, виртуалды шындық – мәні жағынан символдық болғанымен, өзектілігі жағынан шын мәнінде бар шындық, ол белгілі бір алдын ала ойластырылған, тудырылған, өзгермелі, динамикалық шындық. Бірақ ол шындықта көптеген индивидтер қатысса, онда оның нәтижесі белгісіз болып шығады, өйткені әрбір адам

– жұмбақ, оның шығармашылығы алдын ала болжауға келмейтін дүние, оның сана-сезімі, ойы, іс-әрекеті өзгеше.

Виртуалдылықтың әсерінен адамның іс-әрекетінің формалары өзгеріске ұшырайды, соған сәйкес адам өмір сүретін, әрекет ететін әлеуметтік бағдарламалар да өзгереді. Ол жеке адамның және әлеуметтік топтардың сана-сезіміне, тіпті олар тікелей оған қатысы болмаса да, әсер етеді. Жеке тұлғаның құрылымдық элементтерінің қатынасы өзгереді, сонымен бірге ол элементтердің мазмұны да өзгеріске ұшырайды: іс-әрекет мотивациясы, әлеуметтік іс-әрекеттік тәжірибе, жеке тұлғаның бағытталуы, дүниетанымы, коммуникативті бағдарлары. Өзіндік санадағы өзгерістер жаһандық сипат алады және ерекше тұлғаның қалыптасуына әкеледі.

Адамның сана-сезімінің, дүниетанымының өзгеруі оның шығармашылығының өзгеруімен бара-бар. Психикалық процестердің өзгерісі қоршаған орта туралы бейненің жаңа түрін қалыптастырады. Яғни, санадағы құрылымдық өзгерістер қандай шығармашылыққа әкелетінін дәл қазір болжау қиын. Тек руханилықтың, адамгершіліктің адамда дамуы ғана кез-келген үдемелі құбылысқа төтеп бере алады, оны тоқтата алады.

Қазіргі күні виртуалды әлемнің теріс жақтарын еңсеру үшін қоғам алдында екі түрлі мақсат қойылады. Оның біріншісі виртуалды шындықтың туындыларын өндіру процесстерін бақылауға алу және оларды басқара білумен байланысты. Бұл жерде виртуалды шындық бағдарламаларының мазмұнын бақылауға алу керек, олар деструктивті, әлеуметке қарсы компоненттерден тыс болу керек. Сонымен қатар ол бағдарламалар экологиялық тұрғыдан таза болуы тиіс, яғни адамның сезім органдарының табиғи қызметіне, психикалық денсаулығына сай болуы керек. Екіншіден, әрбір субъектіге виртуалды шындық туралы, оның қызметінің технологиялары туралы, адамның психикасына әсері туралы толық ақпарат беру керек, әрбір адамды виртуалды ортамен өзара ықпалдасуға алдын ала дайындау қажет.

Ақпараттық ортамен өзара ықпалдасу жеке тұлғаның қабілеті мен потенциалының үйлесімді дамуы негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Адамдар бүгінгі күні өте үлкен көлемде ақпараттар алады, оларға дұрыс жауап беру, қабылдау әрбір тұлғаның рухани әлеміне байланысты.

Қорытынды

Өркениеттің қарқынды дамуы, ғылым мен техниканың жаңа белестері, ақпараттық қоғамдық дәуір және жаһандану процестері өз кезегінде экологиялық, әлеуметтік, экономикалық, демографиялық, өмірге техногендік қауіп-қатерді өзімен бірге алып келді. Бұл мәселе қазіргі қазақстандық қоғам үшін де өте өзекті болып отыр. Қазақстандағы ахуал, көптеген әлемдік мәселелерді қайталай отырып, өзінің ерекшеліктеріне көңіл аудартады. Елдергі өтпелі күй қоғамдық өмірдің бірталай салаларындағы дағдарыстармен қабаттасып келеді. Өткен ғасырдағы күрт өзгерістердің

жағымсыз салдарлары, қоғамның ақпараттық фазасына өтуі, жаһандану жағдайларына бейімделудің қажеттілігі, сонымен қатар, мәдени-тарихи дәстүрді сақтап қалу, қазіргі қазақстандық қоғамда жаңа дүниетанымға көшудің қажеттілігін көрсетті. Ол жаңа дүниетаным негізі қажеттіліктерге: өмірді сақтап қалу, әрбір адамның денсаулығы мен қауіпсіздігі, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету, барлық социеталды жүйені және оның құрамдас бөліктерін дамыту, оның прогресіне жауап беруі керек.

Библиография

Мюррей, К. 2000. 'Интернет-зависимость с точки зрения нарративной психологии' Гуманитарные исследования в Интернете. Под ред. А.Е. Войскунского. М., Можайск-Терра, сс. 132-140.

Шелер, М. 1994. 'Избранные произведения'. М., Наука, 334 с.

Фукуяма, Ф. 2016. 'Наше постчеловеческое будущее' [Электронный ресурс]. URL http://www.koob.ru/fukuyama/nashe_post_budush

Әбішев, Қ. 2001. 'Философия'. Жоғары оқу орындары студенттері мен аспиранттарға арналған оқулық. Алматы, Дәуір, 264 б.

Гуревич, П. 1999. 'Философия человека' [Электронный ресурс]. URL <http://psylib.org.ua/books/gurep01/index.htm>

Корольков, А. 2013. 'Духовная антропология' [Электронный ресурс]. URL http://pokrov-forum.ru/science/spiritual_phil/statia/spirit_antropology.php

Носов, Н. 1993. 'Реальные нереальности Человек', №1, с. 31-36.

Орлов, А. 1993. 'Духи компьютерной анимации'. М., МИРТ, Ч. 1, 105 с.

Transliteration

Myurrey, K. 2000. 'Internet-zavisimost s tochki zreniya narrativnoy psikhologii' [Internet addiction in terms of narrative psychology] Gumanitarnyye issledovaniya v Internete. Pod red. A.E. Voyskunsogo. M.. Mozhaysk-Terra. ss. 132-140.

Sheler, M. 1994. 'Izbrannyye proizvedeniya' [Selected Works]. M., Nauka. 334 s.

Fukuyama, F. 2016. 'Nashe postchelovecheskoye budushcheye' [Our posthuman future] [Elektronnyy resurs]. URL http://www.koob.ru/fukuyama/nashe_post_budush

Abishev, Q. 2001. 'Filosofiya' [Philosophy]. Zhogary oqu oryndary studentteri men aspiranttarga arналган oqulyq. Almaty, Daur, 264 b.

Gurevich, P. 1999. 'Filosofiya cheloveka' [Philosophy of man] [Elektronnyy resurs]. URL <http://psylib.org.ua/books/gurep01/index.htm>

Korolkov, A. 2013. 'Dukhovnaya antropologiya' [Spiritual Anthropology] [Elektronnyy resurs]. URL http://pokrov-forum.ru/science/spiritual_phil/statia/spirit_antropology.php

Nosov, N. 1993. 'Realnyye nerealnosti Chelovek' [Real Unreality Man], №1, s. 31-36.

Orlov, A. 1993. 'Dukhi kompyuternoy animatsii' [The spirit of computer animation]. M., MIRT, Ch. 1, 105 s.

Резюме

Сагикызы А., Пернекулова М. Творческое развитие личности в условиях виртуальной реальности

В XX веке в обычную реальность вторгается другая реальность, которая была названа виртуальной. Это – одна из самых интересных феноменов современного глобального мира. Виртуальная реальность – это продукт человеческого способа освоения и преобразования действительности. Повсеместное внедрение виртуальных технологий генерирует новейшее мировоззрение, подразумевающее распространение целого комплекса сущностных свойств, определяющих виртуально-информационную реальность.

Что же собой представляет данный феномен, как он может изменить человеческое сознание, мировоззрение и творческие возможности? Человек в виртуальном мире получает возможность не только созерцать, наблюдать, переживать, но и активно действовать самостоятельно, так же как и в реальном мире. Но и здесь его поведение, действия будут определены его ценностными ориентациями и духовным развитием. В данной статье анализируются проблемы творческого развития человека в условиях виртуализации реальности. Делается вывод о том, что только духовное развитие человека будет определять его будущее. А духовный мир человека заменить, имитировать невозможно.

Ключевые слова: виртуальность, виртуальная реальность, творчество, личность, духовность, Интернет.

Summary

Sagikyzy A. Pernekulova M. Creative personality development in virtual reality

In the twentieth century, another reality invaded the ordinary reality, which was called virtual. This is one of the most interesting phenomena of the modern global world. Virtual reality is a product of the human way of mastering and transforming reality. Universal introduction of virtual technologies generates the newest world view, which involves spreading of a whole complex of essential properties that determines virtual-informational reality.

What is this phenomenon, how can it change the human consciousness, world view and creative possibilities? A person in a virtual world has the opportunity not only to contemplate, observe, experience, but also to act independently, as well as in the real world. But even here his behavior, actions will be determined by his value orientations and spiritual development. This article analyzes the problems of human creative development in the context of virtualization of reality. It is concluded that only the spiritual development of person will determine his future. And it is impossible to replace and imitate person's spiritual world.

Keywords: Virtuality, Virtual Reality, Creation, Personality, Spirituality, Internet.